

"Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясын құру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 14 шілде N 3593

Қазақстан Республикасының экономикалық дамуы үшін уран өнеркәсібінің стратегиялық мәні мен әлемдік уран рыногының жетекші шебіне шығудың маңыздылығын ескере отырып, сондай-ақ уранды барлау, өндіру, өңдеу және өткізу, атом энергия станциялары үшін ядролық отын өндіру мәселелерінде мемлекет мүдделерін қорғау мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

бір ай мерзімде заңдарда белгіленген тәртіппен "Қазатомөнеркәсіп" ашық акционерлік қоғамын мемлекеттің жүз проценттік үлесі бар жабық акционерлік қоғам нысанындағы "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы (бұдан былай - Компания) етіп қайта құруды қамтамасыз етсін;

Компанияның жарғылық қорына акционерлік қоғамдардың акцияларының мемлекеттік пакеттерін, өзге де шаруашылық серіктестіктеріндегі мемлекет пакеттерін, өзге де шаруашылық серіктестіктеріндегі мемлекет үлестерін, сондай-ақ уран мен оның қоспаларын барлаумен, өндірумен, өңдеумен, атом энергия станциялары үшін ядролық отын шығарумен айналысатын мемлекеттік кәсіпорындардың мүліктік кешендерін б е р е т і н б о л с ы н ;

Компания активтерінің тізбесі мен құрылымын қалыптастырсын;

Компания қызметінің мәні уран мен оның қоспаларын, сирек кездесетін металдарды барлауды, өндіруді, өңдеуді, сирек кездесетін металдардың экспорты мен импортын, уранды, оның қоспаларын және сирек кездесетін металдарды өндіру процесін сумен қамтамасыз ету үшін жер асты суларын барлауды және өндіруді жүзеге асыру (мемлекет мүдделерін қамтамасыз ете отырып), атом энергия станциялары үшін ядролық отын шығару, атом-энергетикалық кешен өнімін әлемдік рынокта өткізу, ядролық материалдардың мемлекеттік резервін ұстау және қызмет көрсету, сондай-ақ республиканың уран кен орындары бойынша геологиялық ақпарат мониторингіне және оның сақталуы мен таралуын бақылауға жәрдемдесу болып белгіленсін;

құрамында уран бар материалдарды барлауға, өндіруге және өңдеуге лицензиялар беру туралы мәселелер қаралған кезде сараптама жасау үшін Компанияны міндетті тү р д е т а р т а т ы н б о л с ы н ;

Компанияны уран мен оның қоспаларының, атом энергия станциялары үшін ядролық отынның, арнаулы құрал-жабдық пен технологиялардың, қосарлы қолданылатын материалдардың экспорты мен импорты жөніндегі ұлттық оператор деп б е л г і л е с і н ;

бір ай мерзімде Уран мен оның қоспаларының, атом энергия станциялары үшін ядролық отынның, арнаулы құрал-жабдық пен технологиялардың, қосарлы қолданылатын материалдардың экспорты мен импорты жөніндегі ұлттық оператор туралы ережені бекітетін болсын;

заңдарда белгіленген тәртіппен Компанияның құрылтай құжаттарын бекітіп, оны мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2006.05.24. N 122 Ж а р л ы ғ ы м е н .

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК